

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 254-VIII ҚРЗ

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б қараңыз.**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім):

244-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі "учаскесіне құрылысты жүзеге асырған адамға бұл учаске салынған құрылысты орналастыру үшін осы адамға белгіленген тәртіп бойынша берілген жағдайда ғана өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығы танылады" деген сөздер "учаскесінде құрылысты жүзеге асырған адамға бұл учаске тұрғызылған құрылысты орналастыру үшін осы адамға белгіленген тәртіппен берілген жағдайда сот өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығын тануы мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім):

974-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да объектілер."

3. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 43-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармаққа сәйкес сұралып отырған жер учаскесін пайдалану мүмкіндігін айқындау орналасуы жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға кедергі келтірмейтін бұрын белгіленген санитариялық-қорғаныш аймақтары ескеріле отырып жүзеге асырылады.";

2) 44-1-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Сейсмикалық шағын аймақтарға бөлу карталары, сондай-ақ сел мен көшкін қаупі бар учаскелердің карталары ескерілмей, жеке және заңды тұлғаларға сейсмикалық аймақтарда құрылыс салу мақсатында жер учаскелерін беруге жол берілмейді.";

3) 44-2-бапта:

10-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес жер учаскесін беру мүмкіндігін (мүмкін еместігін) айқындау орналасуы жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша

пайдалануға кедергі келтірмейтін бұрын белгіленген санитариялық-қорғаныш аймақтары ескеріле отырып жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 20-тармақпен толықтырылсын:

"20. Сейсмикалық шағын аймақтарға бөлу карталары, сондай-ақ сел мен көшкін қаупі бар учаскелердің карталары ескерілмей, жеке және заңды тұлғаларға сейсмикалық аймақтарда құрылыс салу мақсатында жер учаскелерін беруге жол берілмейді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексінде көзделген ережелер ескеріле отырып, Алматы қаласы аумағының сел мен көшкін қаупі бар учаскелерінде құрылыс салу мақсатында жер учаскелерін беруге тыйым салынады.";

4) 48-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5-4) тармақшамен толықтырылсын:

"5-4) бұрын үшінші тұлғаларға тиесілі болған жер учаскелеріне құқықтарды өздері алған немесе сатып алған жағдайда, құрылыс салу мақсатында осы Кодекстің 71-бабына сәйкес өздері бұрын іздестіру жұмыстарын жүргізген аумақта реновациялау бағдарламасы шеңберінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес жоспарланған құрылыс шегінде көппәтерлі тұрғын үйлер мен олардың инженерлік-коммуникациялық желілерін салу үшін "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу кепілдігін беру туралы шарт жасасқан заңды тұлғаларға;"

5) 49-1-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармаққа сәйкес жер учаскесін пайдалану мүмкіндігін айқындау орналасуы жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға кедергі келтірмейтін бұрын белгіленген санитариялық-қорғаныш аймақтары ескеріле отырып жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Сейсмикалық шағын аймақтарға бөлу карталары, сондай-ақ сел мен көшкін қаупі бар учаскелердің карталары ескерілмей, сейсмикалық аймақтарда жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтінішті келісуге және жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешімді беруге жол берілмейді. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуден бас тарту туралы шешімге сейсмикалық шағын аймақтарға бөлу картасы және (немесе) сел мен көшкін қаупі бар учаскелердің картасы қоса беріледі.";

6) 109-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі ", Алматы қаласының ерекше мәртебесі және Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы заңнамалық актіге сәйкес республикалық маңызы бар қала, астана көшелерінің бойындағы оқшауланған белдеулерде орналасқан ақылы автотұрақтарды (автомобиль қоятын орындарды) қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

7) 121-баптың 2-тармағында:

2) тармақшадағы ", сел-көшкін қаупі бар және" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) сейсмикалық қауіпті, сел қауіпі бар, көшкін қауіпі бар аймақтар, тектоникалық жарылымдар аймақтары;"

8) 152-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі "олардың сапалық сипаттамасы" деген сөздерден кейін ", санитарлық-қорғау аймақтары" деген сөздермен толықтырылсын.

4. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне:

102-3-баптың 3 және 4-тармақтарындағы "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында" және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексінде" және "Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 182-баптың 1-тармағындағы "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 190-баптың 1-тармағының төртінші бөлігіндегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 108-баптың 5-тармағындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 120-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "Мемлекеттік" деген сөз "Баға белгілеу қағидалары Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексіне сәйкес белгіленетін мемлекеттік сараптама ұйымын қоспағанда, мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 124-5-баптың 1-тармағы 5) тармақшасындағы "қызметтерді көрсету салаларында қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) қолданылады." деген сөздер "қызметтерді көрсету;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) осы Кодекстің 124-6-бабының 3-1) тармақшасына сәйкес тізбеде көзделген, табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтерімен технологиялық тұрғыдан байланысты қызметтерді көрсету салаларында қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) қолданылады."

;

4) 124-6-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) мемлекеттік басқарудың тиісті салаларына (аяларына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен бірлесіп, табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтерімен технологиялық тұрғыдан байланысты қызметтердің тізбелерін бекітеді;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінен және табиғи монополия субъектілерінен, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарынан өз өкілеттіктерін, оның ішінде өтініштерді қарау және мемлекеттік бақылау жүргізу жөніндегі өкілеттіктерін жүзеге асыру шеңберінде қажетті ақпаратты сұратуға және алуға құқылы;"

5) 144-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5-3) тармақшамен толықтырылсын:

"5-3) құрылыс кезеңінде құрылыс объектісіне барудың келісілген график-жоспары;"

;

6) 193-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген шектеу баға белгілеу қағидалары Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексіне сәйкес белгіленетін мемлекеттік сараптама ұйымына қолданылмайды."

7. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне:

127-3-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне:

69-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 1-баптың 1-тармағының 13) және 106) тармақшалары алып тасталсын;

2) 9-баптың 18) тармақшасындағы "қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша" деген сөздер "адамға әсер ететін физикалық факторлардың көздері,

санитариялық қорғау аймақтарын белгілеу, пайдалануға берілген объектілердің белгіленген санитариялық-қорғаныш аймақтарын өзгерту бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 20-бапта:

бірінші абзацтағы "Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды" деген сөздер "1. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) адамға әсер ететін физикалық факторлардың көздері жөніндегі, санитариялық қорғау аймақтарын белгілеу бойынша нормативтік құжаттаманың жобаларына;

3) пайдалануға берілген объектілердің белгіленген санитариялық-қорғаныш аймақтарын өзгерту бойынша жобаларға;"

мынадай мазмұндағы 2, 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"2. Эпидемиялық мәні бар объектіде оны пайдалану басталғанға дейін санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беруге негіз болған біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкессіздікке алып келетін, нысаналы мақсатының, жүзеге асырылатын қызмет түрінің, технологиялық процесінің, қуатының және құрылымының өзгеруі мұндай объектіге жаңа санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны алуды қажет етеді.

3. Эпидемиялық мәні бар объектінің берілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеуі санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын тоқтата тұруға негіз болып табылады.

4. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын тоқтатуға мыналар негіз болып табылады:

1) санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыдан айыру;

2) рұқсат беру тәртібінің күші жойылуы;

3) өтініш берушінің заңды тұлғаның қызметін тоқтату немесе оны тарату туралы жолданымы;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысы тоқтатылған кезден бастап эпидемиялық мәні бар объектіде қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

Эпидемиялық мәні бар объектідегі қызмет ерікті түрде тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған жағдайда, өтініш беруші күнтізбелік үш күн ішінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органды бұл жөнінде хабардар етуге міндетті.";

4) 38-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) пайдалануға берілген объектілердің белгіленген санитариялық-қорғаныш аймақтарының көлемін өзгертуге;"

5) 46-бапта:

2-тармақта:

үшінші бөлікте:

"Жобалардың" деген сөз "Құрылыс жобаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"техникалық-экономикалық негіздемелердің және" деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктегі "Эпидемиялық мәні бар объектілер құрылысы" деген сөздер "Құрылыс" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацындағы "сараптамасын" деген сөз "сараптамасы" деген сөзбен ауыстырылып, 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кешенді ведомстводан тыс сараптама шеңберінде эпидемиялық мәні бар объектілердің құрылысына арналған жобалар (санитариялық-қорғаныш аймағының көлемін белгілей отырып, жобалау-сметалық құжаттама) бойынша;"

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) адамға әсер ететін физикалық факторлардың көздері, санитариялық қорғау аймақтарын белгілеу бойынша нормативтік құжаттама жобаларына; пайдалануға берілген объектілердің белгіленген санитариялық-қорғаныш аймақтарын өзгерту бойынша жобаларға, шикізат пен өнімнің жаңа түрлеріне;"

6) 276-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексі күшіне енген күнге дейін пайдалануға берілген, санитариялық-қорғаныш аймағы белгіленбеген объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеуді халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады."

10. 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне:

бүкіл мәтін бойынша "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. 2025 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

29-баптың 1-тармағындағы "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. 2025 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне:

1) 46-баптың 6-тармағындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 50-баптың 4-тармағындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

8-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да объектілер."

14. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 57-баптың 4-тармағының 3) тармақшасындағы "занды" деген сөз "көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару, тұрғын үй сатып алу жөніндегі қызметті қоспағанда, заңды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 16-тарау мынадай мазмұндағы 116-1-баппен толықтырылсын:

"116-1-бап. Тұрғынжайды реновациялау

1. Тұрғынжайды реновациялау бағдарламасы Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамасына сәйкес тұрғынжайды реновациялау бағдарламасын іске асыру жөніндегі уәкілетті ұйымды және (немесе) реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартты жасасқан уәкілетті компанияны тарта отырып, қаржыландыру тетігін және оны іске асыру өлшемшарттарын, оның ішінде реновациялауға жататын объектілердегі тұрғынжайдың меншік иелеріне өтеу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Тұрғынжайды реновациялау бағдарламасына енген көппәтерлі тұрғын үйлердегі тұрғынжайдың меншік иелеріне тұрып жатқан адамдар санына қарамастан, техникалық паспорттарға сәйкес "бөлме үшін бөлме" қағидаты бойынша қолданыстағы пәтерлердің орнына жаңа пәтерлер меншікке беріледі. Бұл ретте жаңа тұрғын үйдегі тұрғын бөлмелер саны қолданыстағы тұрғын бөлмелердің санынан кем болмауға тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген талаптар бойынша берілген және сүрілетін тұрғынжайдың көлемінен асатын, тұрғынжайды реновациялау бағдарламаларын іске асыру жөніндегі уәкілетті ұйымның тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжай алаңы артық болып есептелмейді.

4. Жеке тұрғын үйлердің немесе тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне олардың құны өтеледі не тараптардың келісімі бойынша тең дәрежелі тұрғын немесе тұрғын емес үй-жайлар беріледі.

5. Тұрғынжайды реновациялауға жататын объектілердің тізбесін жергілікті атқарушы органдар егжей-тегжейлі жоспарлау жоспары шеңберінде айқындайды.

6. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, тұрғынжайды реновациялауға жататын көппәтерлі тұрғын үйлер немесе жеке тұрғын үйлер орналасқан жер учаскелерінде мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жол берілмейді.

7. Реновациялау объектілерін сүруге барлық меншік иелерінің келісімі болған жағдайда ғана тұрғынжайды реновациялау бағдарламасы шеңберінде жол беріледі.

8. Жергілікті атқарушы орган тұрғынжайды реновациялау бағдарламасын іске асыру жөніндегі уәкілетті ұйымды айқындайды және қаржыландырады.

Тұрғынжайды реновациялау бағдарламасын іске асыру жөніндегі уәкілетті ұйымды қаржыландыру жергілікті бюджет және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

9. Жергілікті атқарушы орган сүрілген реновациялау объектілерінің орнына тұрғынжай салуды тұрғынжайды реновациялау бағдарламасына сәйкес ұйымдастырады . Бұл ретте сүру жергілікті бюджет қаражаты және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүргізіледі .

10. Реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт жасасқан уәкілетті компания тұрғынжайды реновациялауды "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырған кезде тұрғынжайды сүру уәкілетті компанияның қаражаты есебінен жүзеге асырылады."

15. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 42-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер қатысушы мен сенімгер басқарушы арасындағы шартта өзгеше ескертілмесе немесе Қазақстан Республикасының мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдігін алу тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде қатысушының үлестерін сенімгерлік басқару құрылған жағдайда сенімгер басқарушы жалпы жиналыста қатысушы ретінде өз атынан әрекет етеді. Қатысушының мүдделерін білдіру тәртібіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының мүлікті сенімгерлік басқару туралы заңнамасында айқындалады.";

2) 43-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер қатысушы мен сенімгер басқарушы арасындағы шартта өзгеше ескертілмесе немесе Қазақстан Республикасының мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдігін алу тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде қатысу үлестерін сенімгерлік басқару кезінде сенімгер басқарушы жалпы жиналыста қатысушы ретінде өз атынан әрекет етеді."

16. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

4-3-бап алып тасталсын.

17. "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

12-1-баптағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-бапта:

2-15-тармақтың 1) тармақшасындағы "қағидаларын;" деген сөз "қағидаларын бекіту жатады." деген сөздермен ауыстырылып, 2) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-16-тармақпен толықтырылсын:

"2-16. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихаттары тұрғынжайды реновациялау бағдарламасын бекітеді.";

2) 27-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 51) тармақшамен толықтырылсын:

"51) тұрғынжайды реновациялау бағдарламасын әзірлейді.";

1-9-тармақта:

5) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) дизайн-кодты әзірлейді және бекітеді.";

3) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 43) тармақшамен толықтырылсын:

"43) дизайн-кодты әзірлейді және бекітеді.".

19. "Тұтыну кооперативі туралы" 2001 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "жарғылық" деген сөз "көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару, тұрғынжайларды және мемлекеттік тіркеуге жататын мүліктің өзге де түрін сатып алу жөніндегі қызметті қоспағанда, жарғылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 13-баптың 3-тармағында:

"санына шек қойылмайды" деген сөздер "саны екі жүз қатысушыдан аспауы керек" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тұтыну кооперативі мүшелерінің материалдық қажеттіктерінің қанағаттандырылуына және олардың тұтыну кооперативінің құрамынан шығуына қарай тұтыну кооперативінің жаңа мүшелері қабылдануы мүмкін.".

20. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 14-баптың бірінші бөлігі "мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 14-6-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

13-2-баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 23-2) тармақшасы алып тасталсын;

2) 38-2-бап алып тасталсын.

23. "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

23-2-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

24. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 3) тармақшасы сегізінші абзацындағы "тіркеу нормативтерін бекітеді;" деген сөздер "тіркеу нормативтерін;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"астанада жол жүрісін ұйымдастырудың кешенді схемасын бекітеді;"

2) 9-бап мынадай мазмұндағы 48) тармақшамен толықтырылсын:

"48) жол жүрісін ұйымдастырудың кешенді схемасын әзірлейді."

25. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы";

2) кіріспе "мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 1-бапта:

1-2), 1-3) және 1-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2) әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызмет – мемлекеттік көрсетілетін қызметті қоспағанда, тұрақты негізде көрсетілетін және жеке және заңды тұлғалардың базалық және қоғамдық маңызы бар қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған көрсетілетін қызмет;

1-3) әріптестік келісім – мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін талаптарға сәйкес келетін және мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті органның іріктеуінен өткен кәсіпкерлік субъектілерімен Мемлекеттік корпорация жасаған келісім;

1-4) әріптестік ұйым – осы Заңға сәйкес әріптестік келісім жасаған кәсіпкерлік субъектісі;"

мынадай мазмұндағы 1-5) тармақшамен толықтырылсын:

"1-5) "бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтің жиынтығы көзделетін мемлекеттік қызмет көрсету нысаны;"

4) тармақшадағы "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақшадағы "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2-бапта:

тақырып "мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ "мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 3-баптың тақырыбы мен мәтініндегі "Мемлекеттік қызметтер", "мемлекеттік қызметтер", "мемлекеттік көрсетілетін" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер", "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер", "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 4-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша "мемлекеттік" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "көрсетілетін қызметті" деген сөздерден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету тәртібін айқындайтын және көрсетілетін қызметті беруші бекіткен қағидаларға сәйкес әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шағымдануға;"

4) тармақша "мемлекеттік" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақшадағы "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақша "құқықтық актіге" деген сөздерден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын қағидаларға" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "мемлекеттік" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 5-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын және көрсетілетін қызметті беруші тиісті салада реттеуді немесе басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша бекіткен қағидаларға сәйкес әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетуге;"

2), 3) және 4) тармақшалардағы "мемлекеттік көрсетілетін", "мемлекеттік қызметтер", "мемлекеттік қызметтерді" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін", "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер", "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшада:

"мемлекеттік қызметтерді" деген сөздер "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

"актіде" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету қағидаларында" деген сөздермен толықтырылсын;

"қызмет көрсету мерзімі" деген сөздер "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету мерзімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік қызметтердің" деген сөздер "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы "мемлекеттік көрсетілетін" деген сөздер "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақша "мемлекеттік" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақшада:

"мемлекеттік қызмет" деген сөздер "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "оларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) тармақша "мемлекеттік" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

13) тармақшада:

"актілерде" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету қағидаларында" деген сөздермен толықтырылсын;

"қызметтер көрсету үшін" деген сөздер "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақша "мемлекеттік" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы "Мемлекеттік" және 1) тармақшасы "мемлекеттік" деген сөздерден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 2-тараудың тақырыбындағы "Мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 6-баптың тақырыбы мен мәтініндегі "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 8-бапта:

тақырып "Мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзац "Мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақшадағы "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша "актілердің" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетудің үлгілік қағидаларының" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақша "актілерді" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету қағидаларын" деген сөздермен толықтырылсын;

8-1) тармақша "мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын:

"8-2) мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер тізбесін қалыптастыруды және бекітуді жүзеге асырады;"

11) 10-бапта:

3) тармақша "мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "актілердің" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету қағидаларының" деген сөздермен толықтырылсын;

5), 6), 12) және 13-1) тармақшалардағы "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-2) тармақшамен толықтырылсын:

"13-2) мемлекеттік реттеуді немесе басшылықты жүзеге асыратын салаларда әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсетудің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді";

14) тармақша "мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

15) тармақша "актілерді" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету қағидаларын" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 11-бапта:

1) тармақша "мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "актілердің" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету қағидаларының" деген сөздермен толықтырылсын;

3) және 4) тармақшалар "мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүргізу үшін ақпараттың, сондай-ақ мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері бойынша ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылуын қамтамасыз етеді";

10), 11) және 12) тармақшалар "мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету қағидаларын сақтауын қамтамасыз етеді";

13) 14-баптың 3-1) тармақшасында:

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауын";

төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтардағы "қызмет көрсету" деген сөздер "қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы "мемлекеттік қызмет" деген сөздер "мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса)" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы абзацтағы "мемлекеттік қызмет" деген сөздер "мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса)" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші абзацтағы "қызмет көрсетуден" деген сөздер "қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету";

15) 18-баптың тақырыбы мен мәтініндегі "Мемлекеттік қызметтер", "Мемлекеттік қызметтерді" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер", "Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 19-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетуі";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетудің талаптары мен тәртібін көрсетілетін қызметті берушілер әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетудің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірлейді және көрсетілетін қызметті берушілер осы Заңның талаптарына сәйкес бекітеді.";

екінші бөлік "актіде" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету қағидаларында" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 19-1-баптың тақырыбы мен мәтініндегі "мемлекеттік қызметтер", "мемлекеттік көрсетілетін", "мемлекеттік қызмет", "мемлекеттік қызметтерді", "мемлекеттік қызметті" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер", "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін", "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет", "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді", "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметті" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 23-бапта:

тақырыптағы "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "Мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) және 3) тармақшалар "актілерді" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетудің үлгілік қағидаларын және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету қағидаларын" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "акт" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетудің үлгілік қағидалары және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету қағидалары" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "қызметтер" деген сөзден кейін "және (немесе) әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "Мемлекеттік" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

"қызметтер көрсету саласындағы" деген сөздер "және (немесе) әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қызметтер көрсету сапасын" деген сөздер "және (немесе) әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету сапасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"актілерді" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету қағидаларын" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 25-баптың тақырыбы мен 1-тармағындағы "Мемлекеттік қызметтер", "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер", "мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 30-баптың тақырыбы мен мәтіні "мемлекеттік" деген сөзден кейін "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздермен толықтырылсын.

26. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 28-2), 30-1), 61-6) және 61-7) тармақшалармен толықтырылсын:

"28-2) көшкін қауіптілігі – адамдардың денсаулығына, инфрақұрылым мен қоршаған ортаға нұқсан келтіруі мүмкін көшкін процесінің туындау қатері;"

"30-1) қар көшкіні қауіптілігі – тау беткейлерінен қар көшкінінің жүруінен туындайтын, адамдардың өмірі мен денсаулығына төнетін, сондай-ақ қоршаған орта мен экономикаға нұқсан келтіретін қатер;"

"61-6) сел, көшкін және қар көшкіні қауіптілігі мен қауіп-қатерлері карталары – аумақты сел, көшкін және қар көшкіні қауіптілігі мен қауіп-қатерлерінің дәрежелеріне қарай аймақтарға бөлуді айқындайтын және көрсететін карталар;

61-7) сел қауіптілігі – тау беткейлері бойымен жоғары жойқын күшпен қозғалатын, судың, лайдың, тастар мен ағаштардың кенеттен пайда болған екпінді ағындарын білдіретін лайлы-тасты тасқындардан төнетін қатер;";

2) 15-бапта:

3-тармақтың 10-1) және 10-3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте сейсмикалық қауіптілікті, сейсмикалық аймақтарға бөлудің (аудандарға бөлудің) жүргізілуін, сел, көшкін, қар көшкіні қауіптілігі мен қауіп-қатерлерін бағалауды ұйымдастыру;";

"10-3) сейсмикалық аймақтарға бөлудің (аудандарға бөлудің), сейсмикалық қауіп-қатердің, сел, көшкін, қар көшкіні қауіптілігі мен қауіп-қатерлерінің әртүрлі ауқымды карталарын бекіту;";

4-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сейсмикалық аймақтарға бөлудің (аудандарға бөлудің), сейсмикалық қауіп-қатердің, сел, көшкін және қар көшкіні қауіптілігі мен қауіп-қатерлерінің әртүрлі ауқымды карталарын әзірлеу үшін жергілікті бюджеттен ақша бөлу туралы шешім қабылдауға құқылы.";

3) мынадай мазмұндағы 42-1-баппен толықтырылсын:

"42-1-бап. Сел, көшкін және қар көшкіні қауіптілігі мен қауіп-қатерлерін бағалау

1. Сел, көшкін және қар көшкіні қауіптілігі мен қауіп-қатерлерін бағалауды ғылыми ұйымдар жүргізеді.

2. Сел, көшкін және қар көшкіні қауіптілігін бағалау олардың ауқымдылығын, пайда болу жиілігі мен таралуын сипаттайтын қауіпті құбылыстардың сандық көрсеткіштерін білдіреді.

Сел, көшкін және қар көшкіні қауіптілігін бағалау нәтижелері негізінде сел, көшкін және қар көшкіні қауіптілігі мен қауіп-қатерлері карталары жасалады.

3. Сел, көшкін және қар көшкіні қауіп-қатерлерін бағалау сел тасқындарының, қар көшкіндері мен көшкіндердің салдарынан туындауы мүмкін адам өлімі мен материалдық шығындарды ғылыми болжау арқылы жүзеге асырылады.

Сел, көшкін және қар көшкіні қауіп-қатерлерін бағалау нәтижелері бойынша сел, көшкін және қар көшкіні қауіптілігі мен қауіп-қатерлері карталары жасалады.

4. Сел, көшкін және қар көшкіні қауіптілігі мен қауіп-қатерлері карталары жергілікті атқарушы органдардың жер пайдалануды реттеуі үшін, сондай-ақ нұқсанды болғызбау және қауіпсіздік пен инфрақұрылымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

5. Сел, көшкін және қар көшкіні қауіптілігі мен қауіп-қатерлерінің әртүрлі ауқымдағы карталарын әзірлеу және қолдану тәртібін уәкілетті органмен келісу бойынша ғылым саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

4) 58-баптың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиян (нұқсан) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен өтеледі."

27. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-баптың 3-тармағындағы "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 17-баптың 7-тармағындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздер "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 36-баптың 4-тармағында:

бірінші бөліктегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2-қосымшада:

347-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

|      |                                                                                 |                                                                             |                                                     |
|------|---------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|
| 347. | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мамандарды сертификаттау | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы маманның сертификаты | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
|------|---------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|

";

347-1-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 347-4-жолмен толықтырылсын:

"

|        |                                                                                                                                              |                           |                                                                                           |
|--------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| 347-4. | Жобалардың кешенді ведомстводан тыс сараптамасын жүзеге асыру жөніндегі сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын сараптама ұйымдарын аккредиттеу | Аккредиттеу туралы куәлік | Рұқсаттың қолданылу мерзімі 2 жыл;<br>конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
|--------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|

".

28. "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2015 жылғы 9 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

6-баптың 12-1) тармақшасы алып тасталсын.

29. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-бап 20) тармақшасындағы "қорғау саласындағы біртектес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында қабылданады." деген сөздер "қорғау саласындағы," деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

"21) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы біртектес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында қабылданады.";

2) 9-баптың 10) тармақшасы алып тасталсын.

30. "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспеде:

"үлестік қатысу жөніндегі" деген сөздер "үлестік қатысу, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу тетіктері қолданыла отырып, ескірген және авариялық тұрғын үйді реновациялау жобаларын іске асыру жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шарт" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1-бапта:

1-1) тармақша "шарттар бойынша" деген сөздерден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерлерге реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "үлескерлердің алдында" деген сөздерден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға кепілдік беру туралы шарт бойынша реновациялау шеңберіндегі үлескерлердің алдында" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша "шарт бойынша" деген сөздерден кейін "немесе реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға кепілдік беру туралы шарт бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1), 8-2), 8-3), 8-4) және 8-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) кепілдік шеңберінде реновациялау туралы шарт (бұдан әрі – реновациялау туралы шарт) – Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы, құрылыс салушы және уәкілетті компания арасында жасалатын, реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға кепілдік беру талаптары туралы шарт;"

"8-2) реновациялау шеңберіндегі үлескер – көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесін алу мақсатында реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт жасасқан жеке тұлға (уақытша болатын шетелдіктерді қоспағанда) немесе заңды тұлға;

8-3) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу – тараптардың реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартқа негізделген қатынастары;

8-4) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу кепілдігін беру туралы шарт (бұдан әрі – реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт) – Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы, құрылыс салушы, уәкілетті компания және реновациялау объектісінің немесе реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің барлық меншік иелері арасында осы Заңда айқындалатын тәртіппен және талаптарда жасалатын шарт;

8-5) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт – уәкілетті компания мен реновациялау шеңберіндегі үлескер арасында жасалатын, тараптардың реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға байланысты құқықтық қатынастарын реттейтін шарт, бұл ретте бір тарап – көппәтерлі тұрғын үйді салуды қамтамасыз етуге және құрылыс аяқталғаннан кейін екінші тарапқа көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесін беруге, ал екінші тарап реновациялау объектісін және (немесе) реновациялау объектісі шеңберіндегі жылжымайтын мүлікті қарсы беруді жүргізуге және көппәтерлі тұрғын үйдегі үлесін қабылдауға міндеттенеді;"

12) тармақшадағы "және үлескер" деген сөздер ", үлескер және реновациялау шеңберіндегі үлескер" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-2) тармақша "үлескерге" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартқа сәйкес реновациялау шеңберіндегі үлескерге" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының жер қатынастары туралы, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы, сондай-ақ тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасы тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу қатынастарына осы Заңда реттелмеген бөлігінде қолданылады.";

4) 3-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі "төлем жүргізуге" деген сөздерден кейін "және (немесе) реновациялау объектісіне және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүлікке меншік құқығын беру арқылы төлемді жүзеге асыруға" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 5-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1), 3-1), 3-2) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;"

"3-1) реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттың үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;

3-2) кепілдік шеңберінде реновациялау туралы шарттың үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;

3-3) уәкілетті компанияның реновациялау объектісінің және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің меншік иелеріне уақытша тұрғын үй және (немесе) өтемақы төлемдерін беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;"

4) тармақша "үлестік қатысу туралы шарттарды" деген сөздерден кейін "және реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) реновациялау шеңберінде жылжымайтын мүлікті кепілге қою шартының үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;"

11-2) тармақша "үлестік қатысудың" деген сөздерден кейін "және реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-4), 11-5) және 11-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"11-4) кепілдік беру туралы шарт және реновациялау шеңберінде шарттар жасасу үшін көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үйлер кешені құрылысының жобасы бойынша құжаттарды қарау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

11-5) көппәтерлі тұрғын үйдегі немесе жеке тұрғын үйлер кешеніндегі үлестерді кепілге қоюды тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

11-6) жосықсыз құрылыс салушылар тізілімін қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларды әзірлейді және бекітеді;"

6) 6-бапта:

9) тармақша "үлестік қатысу туралы шарттарды" деген сөздерден кейін "және реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) жосықсыз құрылыс салушылар тізілімін қалыптастырады және жүргізеді;"

7) мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:

"8-1-бап. Реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына Бірыңғай оператордың кепілдігін алу тәсілімен үлестік қатысуды ұйымдастыру

1. Реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына Бірыңғай оператордың кепілдігін алу тәсілімен үлестік қатысуды ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыру үшін құрылыс салушы мынадай талаптарға сәйкес келуге:

1) республикалық маңызы бар қалаларда, астанада құрылыс салу кезінде жалпы алаңы кемінде он мың шаршы метр және өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктерде құрылыс салу кезінде кемінде бес мың шаршы метр болатын көппәтерлі тұрғын үйлер құрылысының объектілерін тапсырыс беруші, мердігер (бас мердігер) ретінде өткізуде жиынтығында кемінде екі жыл тәжірибесінің болуы;

2) шамасы жиынтық активтердің он пайызынан кем болмайтын, аудиторлық қорытындымен расталған өзінің қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы екі қаржы

жылында қысқамерзімді және ұзақмерзімді міндеттемелерді шегергеннен кейін қалатын активтерінің болуы;

3) қарыз қаражатының және меншікті капиталының арақатынасы арқылы есептелген коэффициент шамасы көппәтерлі тұрғын үй пайдалануға қабылданғанға дейін оның құрылысының бүкіл мерзімі ішінде жетіден аспауы міндетті.

2. Реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына Бірыңғай оператордың кепілдігін алу тәсілімен үлестік қатысуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін құрылыс салушы уәкілетті компанияны құрады немесе көппәтерлі тұрғын үй құрылысының бір жобасынан аспайтын қызметті жүзеге асыру үшін өзге заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызын сатып алады.

Көппәтерлі тұрғын үй құрылысының жобасында бір жер учаскесінде бірнеше құрылыс объектісі көзделуі мүмкін.

Егер құрылыс объектілерін бірнеше жер учаскесінде салу көппәтерлі тұрғын үй құрылысының жобасында көзделген болса, мұндай құрылысқа рұқсат етіледі.

Құрылыс салушы көппәтерлі тұрғын үй немесе жеке тұрғын үйлер кешені құрылысының алдыңғы жобасын салу, іске қосу және пайдалануға қабылдау бойынша өз міндеттемелерін орындаған уәкілетті компанияны немесе жалғыз құрылтайшы (қатысушы) өзі болып табылатын өзге де заңды тұлғаны тартуға құқылы.

3. Реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына Бірыңғай оператордың кепілдігін алу тәсілімен үлестік қатысуды ұйымдастыру үшін уәкілетті компанияда:

1) құрылыс салушы, уәкілетті компания және реновациялау объектісінің және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің барлық меншік иелері қол қойған реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттың;

2) реновациялау объектісінің және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің меншік иелеріне берілетін тұрғынжай құнына баламалы, бірақ мәлімделген жобалау құнының отыз пайызынан кем болмайтын сомада осы Заңның 20-бабына сәйкес жұмсау үшін, сондай-ақ құрылыс мерзімін ұзарту ескеріле отырып, уәкілетті компанияның реновациялау объектісінің және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің меншік иелеріне уақытша тұрғын үй және (немесе) өтемақы төлемдерін беру тәртібімен айқындалған мөлшерде реновациялау объектісінің және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің меншік иелеріне уақытша тұрғын үй беруге жоспарланатын ақшасының;

3) құжаттарды қарағаны үшін комиссияны, реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт бойынша кепілдік жарнаны төлеуге арналған ақшасының болуы міндетті.

4. Тұрғынжайды реновациялау бағдарламасына енгізілген көппәтерлі тұрғын үй және (немесе) жер учаскесі бар жеке тұрғын үй Бірыңғай оператордың кепілдігін алу тәсілімен реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру үшін реновациялау объектісі болуға тиіс.

Реновациялау объектісі қандай да бір ауыртпалықтардан, құқықтардан және үшінші тұлғалардың талаптарынан еркін болуға тиіс.

5. Реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы жасалған шарт осы Заңның 36-бабының 1-тармағы екінші бөлігінің талаптары ескеріле отырып, үлескерлердің ақшасын тартуға негіз болып табылады және құрылыс салушы мен уәкілетті компанияның жергілікті атқарушы органнан үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат алуын талап етпейді.

6. Реновациялау туралы шарт Бірыңғай оператор, құрылыс салушы және уәкілетті компания арасында жасалады. Реновациялау туралы шарттың қолданылу мерзімі осы Заңның 32-бабы 3-тармағының 10) тармақшасына сәйкес айқындалады және ол аяқталғанға дейін Бірыңғай оператор өзге де құрылыс салушылармен және уәкілетті компаниялармен реновациялау туралы шарт жасасуға құқылы емес.

7. Осы Заңның талаптарын орындау мақсатында құрылыс салушы және уәкілетті компания Бірыңғай оператордың цифрлық жүйесі арқылы Бірыңғай операторға аудиторлық қорытындымен расталған жылдық қаржылық есептілікті және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттың қолданылуы ішінде ұсынады.

8. Құрылыс салушы және уәкілетті компания Бірыңғай оператордың кепілдігін кейіннен ала отырып, реновациялау туралы шарт жасасу мақсатында реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру бойынша өтінім береді.";

8) 11-бапта:

тақырып "және реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

"шарт" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

"жазбаша нысанда не" деген сөздер "электрондық нысанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ "шарттың" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартта реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы жасалған шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 4, 5, 6, 7, 8 және 9-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт:

1) бөлме бойынша өтеудің тең шамаластығы (алынатын үлестің тұрғын алаңы жылжымайтын мүліктің меншік иесі беретін реновациялау объектісінің тұрғын алаңынан кем болмауға тиіс);

2) тең құнмен өтеу талаптарымен жасалады.

Өзге талаптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

5. Реновациялау объектілерінің жылжымайтын мүлкінің меншік иелерімен жасалатын, реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарға реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттың үлгілік нысанында белгіленген мерзімде қол қойылады.

6. Реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша берілетін үлес белгіленген құрылыс, санитариялық-эпидемиологиялық, экологиялық, өртке қарсы, техникалық және басқа да міндетті нормаларға сәйкес келуге тиіс.

7. Уәкілетті компания реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша реновациялау объектісінің және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің меншік иелеріне уақытша тұрғын үйді жалдау шығыстарын және (немесе) өзге де шығыстарды уәкілетті компанияның реновациялау объектісінің және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің меншік иелеріне уақытша тұрғын үй және (немесе) өтемақы төлемдерін беру тәртібіне сәйкес өтеуге міндетті.

8. Реновациялау объектісінің немесе реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің меншік иесі уәкілетті компаниядан үлес беру туралы шартқа қол қою қажеттілігі туралы хабарламаны алған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде үлесті қабылдауға міндетті.

9. Кепілдік беру жағдайы басталған кезде уәкілетті компанияның реновациялау объектісінің немесе реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің меншік иелері алдындағы уақытша тұрғын үй және (немесе) өтемақы төлемдерін беру жөніндегі міндеттемелері уәкілетті компанияның реновациялау объектісінің және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің меншік иелеріне уақытша тұрғын үй және (немесе) өтемақы төлемдерін беру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.";

9) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Көппәтерлі тұрғын үйдегі немесе жеке тұрғын үйлер кешеніндегі үлестердің кепілі

Көппәтерлі тұрғын үйдегі немесе жеке тұрғын үйлер кешеніндегі, оның ішінде өткізілмеген үлестердің кепілін көппәтерлі тұрғын үйдің немесе жеке тұрғын үйлер

кешенінің тұрған жеріндегі жергілікті атқарушы орган уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірыңғай цифрлық жүйесінде міндетті түрде тіркеуге тиіс.";

10) 12-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың ережелері реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарға, сондай-ақ олар бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шарттарға қолданылады.";

11) мынадай мазмұндағы 12-1-баппен толықтырылсын:

"12-1-бап. Жосықсыз құрылыс салушылар тізілімі

1. Азаматтардың үлестік құрылыс саласындағы құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ жосықсыз құрылыс салушылардың қызметін болғызбау мақсатында жергілікті атқарушы органдар жосықсыз құрылыс салушылар тізілімін жүргізеді.

2. Жосықсыз құрылыс салушылар тізіліміне енгізуге мыналар негіз болып табылады :

1) өз бетімен тұрғызылған көппәтерлі тұрғын үйді және (немесе) жеке тұрғын үйді сүру туралы заңды күшіне енген сот актісі;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабына сәйкес алаяқтық туралы іс бойынша заңды күшіне енген сот актісі.

3. Мәліметтері тізілімге енгізілген құрылыс салушыларға тізілімге енгізілген кезден бастап үш жыл бойы осы Заңда белгіленген тәртіппен үлескерлердің қаражатын тартуға жол берілмейді.

4. Жосықсыз құрылыс салушылар тізілімнен шығаруға мыналар негіз болып табылады:

1) осы Заңда белгіленген мерзімнің өтуі;

2) тізілімге енгізуге негіз болған сот актісінің күшін жою туралы заңды күшіне енген сот актісінің болуы;

3) жергілікті атқарушы органның тізілімге енгізу туралы шешіміне және (немесе) әрекеттеріне шағым жасау туралы заңды күшіне енген сот актісінің болуы.

5. Құрылыс салушы жергілікті атқарушы органның тізілімге енгізу туралы шешіміне және (немесе) әрекеттеріне сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

6. Тізілімді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі, сондай-ақ оған енгізу және одан шығару рәсімі уәкілетті орган бекіткен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актімен реттеледі.";

12) 13-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы баптың ережелері реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарға қолданылады.";

13) 14-бапта:

тақырып "Үлескердің" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберіндегі үлескердің" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Үлескер және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескер:";

2) тармақша "шарт" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша "шарттың" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "құрылыс салушыдан", "талап етуге құқылы." деген сөздер тиісінше "уәкілетті компаниядан", "талап етуге;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірыңғай цифрлық жүйесінде міндетті түрде тіркей отырып, көппәтерлі тұрғын үйдегі немесе жеке тұрғын үйлер кешеніндегі үлесті кепілге беруге құқылы.";

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Үлескер және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескер:";

1) тармақшадағы "тұрғын үй" деген сөздер "реновациялау шеңберіндегі үлескерді қоспағанда, тұрғын үй" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша "шарттың" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша "үлескер" деген сөзден кейін "немесе реновациялау шеңберіндегі үлескер" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 15-бапта:

тақырып "шарт" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберіндегі тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Реновациялау шеңберіндегі үлескердің үлес құнын төлеуі реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартқа Бірыңғай оператор қосылғаннан кейін және реновациялау объектісіне және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүлікке құқықтар мен ауыртпалықтар мемлекеттік тіркелгеннен кейін реновациялау объектісіне және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүлікке меншік құқықтарын уәкілетті компанияға беру арқылы жүргізіледі.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Реновациялау шеңберіндегі үлескердің міндеттемелері уәкілетті компанияның реновациялау объектісіне және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүлікке меншік құқығын беру мемлекеттік тіркелген және реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартқа сәйкес көппәтерлі тұрғын үйдегі үлес қабылданған кезден бастап орындалды деп есептеледі.";

4-тармақ "шартта" деген сөзден кейін "немесе реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартта" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "үлескерге" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерге" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 16-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Кепілдік беру жағдайы басталған жағдайда үлескер өзі енгізген ақшаны қайтару туралы тиісті талаппен жүгінген кезде уәкілетті компания тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шарты бойынша үлестің құнын осы үлес үшін үлескер енгізген ақша сомасынан аспайтын мөлшерде өтейді.

Реновациялау шеңберіндегі үлескер енгізілген үлесті қайтару туралы тиісті талаппен жүгінген кезде уәкілетті компания үлестің құнын реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шартына сәйкес өтейді.";

16) 17-бапта:

1-тармақта:

"үлескердің" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескердің" деген сөздермен толықтырылсын;

"үлесін" деген сөз "олардың (оның) үлесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шартта" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартта" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

"үлескерге" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерге" деген сөздермен толықтырылсын;

"үлесін" деген сөз "олардың (оның) үлесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ "үлескерлерге" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберіндегі үлескерлерге" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

"үлестік қатысу туралы" деген сөздерден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

"үлескерге" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерге" деген сөздермен толықтырылсын;

"шартқа", "шартта" деген сөздер тиісінше "шарттарға", "шарттарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

"үлескерді", "үлескердің" деген сөздерден кейін тиісінше "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерді", "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескердің" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ:

"үлескер" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескер" деген сөздермен толықтырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

"шартта" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартта" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақта:

"және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттан кері шегінулерді" деген сөздер ", тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттан және (немесе) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттан ауытқуларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"үлескер" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескер" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Көппәтерлі тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үйлер кешенін пайдалануға қабылдау актісі негізінде туындаған жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу кезінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірыңғай цифрлық жүйесінде үлесті кепілге қоюды тіркеудің болуы туралы мәліметтер жылжымайтын мүлікке құқықтардың ауыртпалығын кейіннен тіркеу үшін жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың (құқықтар ауыртпалықтарының) бірыңғай мемлекеттік кадастрына интеграциялау арқылы беріледі.";

17) 19-бапта:

3-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы "үлескерлердің" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерлердің" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "үлескерлердің" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерлердің" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ "шартқа" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартқа" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақ "үлескерлер" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерлер" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 20-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі:

"кепілдігін алу тәсілімен" деген сөздерден кейін ", оның ішінде реновациялау шеңберінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"4) тармақшаларына" деген сөздерден кейін "және 8-1-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларына" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 22-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасы "шарттың" деген сөзден кейін "немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттың" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Егер реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт күшіне енбесе, уәкілетті компания реновациялау объектісінің және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүліктің меншік иелерін осы факт туралы өзіне белгілі болған немесе белгілі болуға тиісті кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде бұл жөнінде хабардар етуге міндетті.";

20) 23-баптың бірінші бөлігіндегі "немесе кепілдік беру туралы жасалған шарттың" деген сөздер ", кепілдік беру туралы жасалған шарттың немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы жасалған шарттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 25-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша "үй құрылысына" деген сөздерден кейін ", оның ішінде реновациялау шеңберінде" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "үлескерлердің" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерлердің" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

1) тармақша "ұйымдастыру жөніндегі" деген сөздерден кейін "немесе реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "үлескерлерге" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерлерге" деген сөздермен толықтырылсын;

5-2) тармақша "үлескерлерді" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерлерді" деген сөздермен толықтырылсын;

22) 26-бапта:

1-тармақта:

6) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың (құқықтар ауыртпалықтарының) бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне және өзге де мемлекеттік дерекқорларға интеграциялау арқылы қол жеткізуге;"

2-тармақта:

2) тармақша "шарт" деген сөзден кейін "немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

4 ) тармақша "шарттар" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттар" деген сөздермен толықтырылсын;

7 ) тармақша "шарттардың" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттардың" деген сөздермен толықтырылсын;

23) 29-баптың 2-тармағындағы "шарттары" деген сөз "шарттар немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 30-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бірыңғай оператордың кепілдігін алу тәсілімен реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру кезінде кепілдік жарна реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартқа Бірыңғай оператор қосылғанға дейін төленеді."

2-тармақ "шартқа" деген сөзден кейін "немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартқа" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацы "шарттың" деген сөзден кейін "немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттың" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

бірінші бөлікте:

"шарт мерзімінен" деген сөздер "шарт немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт мерзімінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шарт бойынша" деген сөздер "шарт немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік:

"кепілдік беру туралы шарт" деген сөздерден кейін "немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

"барлық шарт" деген сөздерден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы барлық шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

"қайтарылғаннан кейін" деген сөздерден кейін "немесе реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартқа сәйкес тараптардың келісімі бойынша үлестің құны өтелгеннен кейін" деген сөздермен толықтырылсын;

25) 31-бапта:

тақырып "шарт" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберіндегі шарттар" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ:

"ақшасын тарту есебінен" деген сөздерден кейін "және (немесе) тұрғынжайды реновациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"шартты" деген сөзден кейін "немесе реновациялау шеңберіндегі шарттарды" деген сөздермен толықтырылсын;

26) 32-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы "шартты" деген сөзден кейін "немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартты" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "шартты" деген сөзден кейін "немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартты" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бірінші абзац "шартты" деген сөзден кейін "немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартты" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақша "шарт" деген сөзден кейін "немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша "шарт" деген сөзден кейін "немесе реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт реновациялау туралы шарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;

10) құрылыс салушы, уәкілетті компания реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартты оған Бірыңғай оператордың қосылуы үшін реновациялау туралы шарт жасалған кезден бастап үш ай ішінде ұсынбаған жағдайда.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Бірыңғай оператор реновациялау туралы шарт жасасудан осы баптың 3-тармағында көрсетілген негіздердің біреуі немесе бірнешеуі бойынша бас тартуға міндетті.";

4-тармақ "шарт" деген сөзден кейін ", кепілдік шеңберінде реновациялау туралы шарт және реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақта:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бірыңғай оператор реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт жасасу жөнінде шешім қабылдаған кезде реновациялау объектісіне және (немесе) реновациялау объектісіне кіретін жылжымайтын мүлікке кепіл белгілеу туралы шарт, уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) кепілге қою шарты, уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сенімгерлік басқару шарты құрылыс салушымен Бірыңғай оператордың реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт жасасуымен бір мезгілде жасалуға тиіс.";

екінші бөлік:

"шарт" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

"шарттың" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттың" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 33-баптың 1-тармағындағы "8-бабында" деген сөздер "8 және 8-1-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 34-бапта:

тақырып "және реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Реновациялау туралы шарт және реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт уәкілетті орган бекіткен үлгілік шарт негізінде жазбаша түрде жасалады. Реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт реновациялау объектісіне уәкілетті компанияның меншік құқығын беруі мемлекеттік тіркелген және оған Бірыңғай оператордың кепілі тіркелген кезден бастап күшіне енеді.";

2-тармақтың 8) тармақшасы "шарттың" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарттың" деген сөздермен толықтырылсын;

29) 35-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Осы баптың ережелері, уәкілетті компаниямен құрылысы аяқталмаған объектімен бірге жер учаскесін кепілге қою шартын жасасу бөлігіндегі талапты қоспағанда, реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартқа да қолданылады.

Бұл ретте уәкілетті компания реновациялау объектісінің жер учаскесін кепілге қою шартын осы жер учаскесіне құқығы туындағаннан кейін жасасуға міндетті.";

30) 36-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт негізінде үлескерлерді тарту уәкілетті компания көппәтерлі тұрғын үй құрылысының жобасына кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.";

31) 37-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы "(үлескерлердің)" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескердің (үлескерлердің)" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ 3) тармақшасындағы "банкрот деп тануды кепілдік жағдайы деп тану туралы шешім қабылдайды." деген сөздер "банкрот деп тануды;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) уәкілетті компанияның реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартта көзделген талаптар мен мерзімдерді бұзуын кепілдік жағдайы деп тану туралы шешім қабылдайды.";

32) 38-бапта:

тақырып "шарт" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шарт" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтың 6) тармақшасы "үлескерлерге" деген сөзден кейін "және (немесе) реновациялау шеңберіндегі үлескерлерге" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "шартты" деген сөзден кейін "және реновациялау шеңберінде кепілдік беру туралы шартты" деген сөздермен толықтырылсын.

31. "Пошта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

23-1-баптың 1-тармағындағы "мемлекеттік қызметтер" деген сөздер "мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын.

32. "Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"19) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінен және табиғи монополия субъектілерінен, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарынан өз өкілеттіктерін, оның ішінде өтініштерді қарау және мемлекеттік бақылау жүргізу жөніндегі өкілеттіктерін жүзеге асыру шеңберінде қажетті ақпаратты сұратуға және алуға құқылы;"

2) 24-бапта:

4-тармақтың 1) тармақшасы "субъектісіне" деген сөзден кейін және 3) тармақшасы "органына" деген сөзден кейін "мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігінде:

"табиғи монополия субъектісінің кеңсесі арқылы немесе" деген сөздер алып тасталсын;

"ақпараттық жүйесі" деген сөздерден кейін "немесе мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесі" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосылуға немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттар үш жылға беріледі және мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесінде ұсынылады.";

3) 26-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

"21-1) осы Заңның 25-бабының 6-2-тармағында көзделген ақпаратты мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесінде тұрақты негізде орналастыруға және (немесе) жаңартып отыруға;"

33. "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" 2021 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 2-тармағы 17) тармақшасындағы "сатып алу жағдайларына қолданылмайды." деген сөздер "сатып алу жағдайларына;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

"18) Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамасына сәйкес кепілдік беру жағдайы басталған кезде көппәтерлі тұрғын үйдің және (немесе) жеке тұрғын үйлер кешенінің үлестік құрылысын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын уәкілетті компанияның тауарларды, жұмыстар

мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуына байланысты жағдайларға қолданылмайды."

2-бап.

1. Осы Заң:

1) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 22-тармағын;

2) 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 1), 2), 3), 5) және 8) тармақшаларын, 4-тармағын, 6-тармағының 2), 5) және 6) тармақшаларын, 9, 24 және 26-тармақтарын, 27-тармағының 3) тармақшасын, 4) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарын, 29-тармағын, 30-тармағы 5) тармақшасының он төртінші абзацын, 6) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын және 11) тармақшасын;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6-тармағының 3) және 4) тармақшаларын және 32-тармағын;

4) 2028 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 27-тармағы 4) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші және төртінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйесіне" деген сөздер тиісінше "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйесіне" деген сөздер болып есептелсін.

3. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін тіркелген және қызметін жүзеге асыратын тұтыну кооперативтері:

1) осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде өз қызметін осы Заңның 1-бабы 19-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацының талабына сәйкес келтіруге;

2) өзінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге және өз қызметін осы Заңның 1-бабы 19-тармағы 1) тармақшасының талабына сәйкес келтіруге міндетті. Осы тармақшаға сәйкес келтірілгенге дейін тұтыну кооперативтері, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғылардың ережелерін осы Заңның талаптарына қайшы келмейтін бөлігінде басшылыққа алады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда тұтыну кооперативтері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы әділет органдарының өтініші бойынша сот тәртібімен таратылуға жатады.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ. ТОҚАЕВ*

